



Семей Мемлекеттік Медицина Университеті

СӨЖ

Тақырыбы: Тұлғаның негізгі түрлері
мен типтері

Орындаған: Қуанбай К.Қ.
Қабылдаған: Садыкова Л.К.

Семей 2015

ЖОСПАР

- 1. Адам, индивид, тұлға ұғымдарын салыстырыңыз.
- 2. Тұлғаның әлеуметтік түрі деген не?
- 3. Тұлға типологиясы негіздерін кім жасады?
- 4. Тұлғаны зерттеу



«Адам» деген – адамзат баласының жер бетіндегі басқа биологиялық организмдерден өзгеше қасиеттерін сипаттайтын жалпылама ұғым. Адам қоғамсыз өмір сүре алмайды. Барлық адамға тән ортақ қасиет – ол тек қоғамда ғана өмір сүреді. Ол қоғам ішінде ғана нәтиже алады, себебі ол қоғамдық болмыс тәжірибесін бойына сіңіреді. Демек, адамның адамдық қасиеттерін қалыптастыратын тек қоғамдық орта. Ол үшін адам туған күнінен бастап, сол ортадан қол үзіп кетпеуі міндет. Осы ортамен тығыз байланыс, қатынаста болып, сол ортаның (топтың, ұйымның, алуан түрлі басқа қауымдастықтардың) іс-тәжірибелерін, сапа қасиеттерін өзінің бойына сіңіруі қажет.

АДАМ



ҚОҒАМ

Адамның ерекше қасиеті – өз – өзіне
анализ

жасау қабілеті

Неге?



Қалай?

?



Не

үшін?

Қайда?


?




«Индивид» адам тегінің нақты өкілі, жеке адам.

Индивидуалдық – бұл әр адамның өзіне ғана тән жеке-дара қасиеттерінің жиынтығы, яғни бір адамның екінші адамнан айырмашылығы. Ал, «тұлға» дегеніміз, адамның тек табиғи-биологиялық қасиеті ғана емес, ол табиғаттан тысқары тұрған, тек қана қоғамда өмір сүріп, қоғаммен тығыз байланыс-қатынастар негізінде қалыптасқан адамдардың мәні. Мұны адамның әлеуметтік сипатының бастамасы деп те атайды. Нақтылап айтсақ, тұлға дегеніміз, индивидтің табиғаттан тыс адами қасиеті, яғни оның әлеуметтік өмірінің мәнді жақтарын сипаттайтын сапасы.

ИНДИВИД



Жалпыдан жекеге



Жекеден жалпыға


«ИНДИВИД» ұҒЫМЫНЫҢ МӘНІ

(қоғам мен адам арасындағы қарым – қатынас арқылы)


ИНДИВИДУАЛДЫЛЫҚ

ерекшелі

гі




1. Сыртқы
(биологиялық).
2.
Психологиялы
қ
3. Әлеуметтік




ИНДИВИДУАЛДЫЛЫҚ

Биологиялық ерекшелігі (сыртқы)




1.Терісінің
түсі
2.Антропо-
метрия.
3.Қан тобы




Және т.б.
Тұқымқуалау барысында және дами келе қалыптасқан қасиеттер.

ИНДИВИДУАЛДЫЛЫҚ

Психологиялық ерекшелігі




1. темперамент
2. мінез
3. интеллект.
4. қажеттілігі
5. Қабілеті




Адамның мінезі, темпераменті, қызығушылығы, интеллекті, қажеттілігі арқылы қалыптасқан қасиеті.

ИНДИВИДУАЛДЫЛЫҚ

Әлеуметтік ерекшелігі



**1. Меншіктік
қарым -
қатынасы**
**2. Әлеуметтік
құрылымдағы
орны**



Тұлға

Адамның тек табиғи-биологиялық қасиеті ғана емес, ол табиғаттан тысқары тұрған, тек қана қоғамда өмір сүріп, қоғаммен тығыз байланыс-қатынастар негізінде қалыптасқан адамдардың мәні.

индивидтің табиғаттан тыс адами қасиеті, яғни оның әлеуметтік өмірінің мәнді жақтарын сипаттайтын сапасы.




ҚОҒАМ



Тұлғаның түрлері :

- - Тұтынушы
- - Конформистік
- - Атақ іздеуші
- - Қоғам үшін өмір сүруші
- - Адал кәсіпкер
- - Паразиттік



Тұлғаның қоршаған ортамен қарым – қатынасы, жеткен жетістіктері мен ерекшеліктері көптеген жағдайларға тәуелді, оларды тұлғаның әлеуметтік есею ұғымымен түсіндіріледі. Қоғам дамуды оңды болуы үшін адам бойында оңды қасиеттердің дамуы зор мәнге ие. Жалпы индивидтің қоғамдық қатынастарда активті субъект ретінде функциялануына мүмкіндік беретін әлеуметтік топқа немесе қоғамға тән, мәдениет ұғымына енетін белгілі – бір білімдер жүйесін, игеруі әлеуметтену үрдісі ретінде қарастырылады. Тұлғаның әлеуметтенуі тек әлеуметтік – бақыланатын және бағыттылық – ұйымдасқан жағдайлар жиынтығынан ғана емес, сонымен қоса, аяқ - асты жағдайларын да тәуелді болып келеді



Тұлғаның әлеуметтенуі индивидуалды дәрежеде бірнеше үрдістен тұрады:

1. Адамдардың тұлғалықтары өзара әсерлесу арқылы қалыптасады. Бірақ олардың өзара әсерлесу мінездемесі жас, интеллектуалды дәреже, жыныс тағы сол сияқты факторларға өз әсерін тигізді.
2. Қоршаған орта да баланың тұлға болып дамуына септігін тигізеді.
3. Тұлғалық жеке бас индивидуалды тәжірибе арқылы қалыптасады.
4. Тұлғаның құрылуына әсер ететін аспект болып мәдениет саналады.

Тұлға типологиясының негізін қалағандар



Майерс Бриггс




Э. Кречмер



К. Юнг

Тұлғаны зерттеу


1



Тұлға мәнді де, мағыналы мінездемелер арқылы айқындалады және қоғамда қабылданған нормалар тұрасында бағаланады.

Тұлғаны зерттеу

2



Түрлі функциялар мен рольдердің әсерінен тұлға қалыптасады.

Қорытынды

Әлеуметтік қатынастар субъекті әрі әлеуметтік мәнді қасиеттердің иегері ретінде әрбір адам - жеке адам болып сипатталады. «Жеке адам» түсінігімен қатар біздің қолдануымызда «адам», «дара адам», «даралық» терминдері бірге жүр. Бұл түсініктердің әрқайсысы өз ерекшеліктерімен ажыратылады, бірақ бір – бірімен тығыз байланысты. Осылардың ішінде ең жалпыланған, көп қасиеттердің бірігуін – «адам» түсінігі қамтиды. Адам - өмір дамуының ең жоғарғы деңгейінің көрінісі, қоғамдық еңбек барысының жемісі әрі табиғатпен әлеуметтік болмыс тұтастығын аңдататын тіршілік иесі.

Алайда, адам әлеуметтік – тектік мәнге ие болғанымен, ол жалпы табиғат туындысы ретінде – дара адамдық сипаты жағынан жанды мақұлық дүниесінен бөлектенбейді. Дара адам – «homo sapiens» тектілерінің өкілі, адамдық даму нышандарының иесі – нақты адам. Даралық - нақты адамның табиғи және әлеуметтік қабылдаған қайталанбас ерекшеліктері мен қасиеттері «жеке адам» түсінігіне байланысты ең алдымен адамның қоғамдық мәнді сапалары еленеді. Адамның әлеуметтік мәні оның қоғаммен байланысында қалыптасады да көрініс береді